

"Аудан бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі жөніндегі Қағидасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 05 наурыздағы кезектен тыс ХХІ сессиясының N 232 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 шілдедегі N 251 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 23 тамызда N 10-8-125 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 шілдедегі N 330 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011.07.15 N 330 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын және Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат

Ш Е Ш Е М І З :

1. "Аудан бойынша аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі жөніндегі Қағидасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 05 наурыздағы N 232 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 01 сәуірде мемлекеттік тіркеу N 10-8-114, 2010 жылғы 07 сәуірде "Тіршілік тынысы" газетінің N 27 санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

Қағиданың 22-тармағының 1)-тармақшасының 2-абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"электр қуаты 1 айға 1 адамға -70 квт/сағ, 2 адамға- 140 квт/сағ, 3 адамға және одан да көп мүшелері бар отбасыларына 1 айға- 210 квт/сағ".

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
XXIV сессиясының төрағасы*

С. Көзейбаев

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Атақаев

